

## **Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру ережесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 236 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л д ы ң

2 7

а қ п а н д а ғ ы

N

2 3 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже 2004 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен 012 "Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингін кредиттеу" бағдарламасы бойынша 675000000 (алты жүз жетпіс бес миллион) теңге сомасында кредит (бұдан әрі - Қаражат) беру тәртібі мен шарттарын анықтайды.

### **2. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі кәсіпорындар үшін жабдықтар лизингіне кредит беру тәртібі**

2. Қаражат республикалық бюджеттен мерзімділік, ақылылық, қамтамасыз етілу және қайтарымдылық шарттарында заңнамада белгіленген тәртіппен жылдық 0,5% сыйақы ставкасы бойынша 7 (жеті) жыл мерзімге бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Бағдарлама әкімшісі) Қаражатты бөлу үшін екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жеке түрлерін жүзеге асыруға уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар (бұдан әрі - Қарыз алушы) арасында мынадай ішкі салалар (лоттар) бойынша

к о н к у р с

ө т к і з е д і :

- 1) с ү т т і қ а й т а ө н д е у ;
- 2) е т қ а й т а ө н д е у ;
- 3) к ө к ө н і с т е р д і , ж е м і с т е р д і ж әне ж ү з і м д і қ а й т а ө н д е у ;
- 4) т е р і ш и к і з а т ы н ж әне ж ү н д і қ а й т а ө н д е у ;
- 5) м а й л ы д а қ ы л д а р д ы қ а й т а ө н д е у .

Қарыз алушылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне (бұдан әрі - Қаржылық рәсімдер ережелері) сәйкес анықталады.

3. Алдыңғы конкурс бойынша Қарыз алушылардың өтінімдері болмаған кіші салаларды (лоттарды) Бағдарлама әкімшісі конкурсты қайталап өткізген кезде алып т а с т а й а л а д ы .

4. Қаражат кейіннен ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындарға (бұдан әрі - Соңғы қарыз алушылар) лизингке беруге жататын технологиялық жабдықты сатып алу (бұдан әрі - Жабдық) және Соңғы қарыз алушыға кеден төлемдерін қоса Жабдықтарды сатып алу мен жеткізіліміне байланысты шығындарды ө т е у ү ш і н б е р і л е д і .

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржымині) мен Бағдарлама әкімшісі арасындағы Кредиттік келісімге және Қарыз алушының ішкі кредиттік саясатына сәйкес Соңғы қарыз алушыны Қарыз алушылар дербес анықтайды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген, отандық ауыл шаруашылығы шикізатын пайдаланатын, жарғылық капиталында Қазақстан Республикасы резиденттерінің үлесі 51% кем емес ұйымдар Соңғы қарыз алушылар бола алады.

6. Қаржыминінің бюджеттік Бағдарлама әкімшісіне кейін Қарыз алушыға беру үшін республикалық бюджеттен Қаржы бөлуі Қаржылық рәсімдер ережесіне сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

7. Бағдарлама әкімшісінің Қарыз алушыларға республикалық бюджеттен Қаражат бөлуі Қаржымині, Бағдарлама әкімшісі және Қарыз алушылар арасындағы жасалған Кредиттік келісімде көзделген шарттар бойынша жүзеге асырылады.

8. Қарыз алушылар Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді және оларды Қаржымині, Бағдарлама әкімшісі мен Қарыз алушы арасында жасалған Кредиттік келісімдерге сәйкес республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуын жүзеге асырады.

### **3. Қаражатты пайдалануды бақылау**

9. Қаражаттың игерілуіне, мақсатты пайдаланылуына, республикалық бюджетке уақытылы қайтарылуына бақылауды Қаржымині жүзеге асырады.

10. Бағдарлама әкімшісі тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-на дейінгі мерзімде Қарыз алушының республикалық бюджетке Қаржымині сыйақысын аударғаны туралы ақпаратты Қаржыминіне жібереді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК